

«2026 жылға пайдаланылу және ұңғымалар құрылысы кезеңінде «Жайықмұнайгаз» МГӨБ нысандарының қоршаған ортаға әсеріне экологиялық рұқсат алу (түзету) үшін жасақталған өтінім құжаттамасы» бойынша ашық жиналыс түрінде өткізілген қоғамдық тыңдау хаттамасы

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы:

Атырау облысы Исатай ауданы «Исатай ауданының Аққыстау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

«2026 жылға пайдаланылу және ұңғымалар құрылысы кезеңінде «Жайықмұнайгаз» МГӨБ нысандарының қоршаған ортаға әсеріне экологиялық рұқсат алу (түзету) үшін жасақталған өтінім құжаттамасы»

(қаралатын жобалау материалдарының толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы.

«Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік басқармасы

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері

(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

№	Өнеркәсіптік алаңның атауы	Облыс	Аудан, елді мекен	Координаты, градус, секунд		Алып отырған аумағы, гектар
1	2	3	4	5	6	7
1.	«Жайықмұнайгаз» МГӨБ	Атырау облысы	Исатай ауданы, Аққыстау ауылдық округі	47°13'22.24"C	51°0'53.31"В	7336

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

Атырау облысы, Исатай ауданы, Аққыстау ауылы

(белгіленген көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:

«Ембімұнайгаз» АҚ», Атырау облысы, Атырау қаласы, Уалиханов көшесі, №1 БСН120240021112, тел. +7(7122) 99 31 13, 99 31 35 E-mail: info@emg.kmg.kz

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері.

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-і Атырау филиалы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Нұрсая ықшам ауданы, Елорда даңғылы, №10 құрылысы, БСН180541015056, тел. 8 (7122) 305-412, факс: 8 (72122) 305-413, E-mail: atyrau@kmge.kz
(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

Қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты: 10:30 сағ. 18.02.2026 ж.

Қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты: 11:15 сағ. 18.02.2026 ж.

Қоғамдық тыңдаудың аяқталу уақыты: 11:55 сағ. 18.02.2026 ж.

Қоғамдық тыңдау өткен орын: Атырау облысы, Исатай ауданы, Аққыстау ауылы, Мұнайшы көшесі, 35 ғимарат, «Жалын» мәдениет үйі

(қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталу және аяқталу уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және бейнеконференциялар) өткізілді.

Бейнеконференцияға сілтеме:

<https://kmg-kz.zoom.us/j/7555913367?pwd=UGJLeEJ3bVdZnzk5Nmt2YmZZN2Fmdz09>

Конференция идентификаторы: 755 591 3367

Кіру коды: 593597

Ескертпе: «Жалын» мәдениет үйінде интернеттің ұстамауына байланысты қоғамдық 2 рет онлайн қатысулар үшін үзіліп кетті. Бастамашылар тарапынан дер кезінде әрекет жасалып қайта қосылды.

9. Бастамашысы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 1-қосымша.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 2-қосымша.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Ұлттық деректер банкі:

<https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/ShowDetails/27857>

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында

«Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің интернет-ресурсында 14.01.2026 ж.

<https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/details/1141106?directionId=8251&lang=ru>

(ресми интернет-ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бараумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

25.12.2025 ж. №52 «Атырау» және «Прикаспийская коммуна» газеттері

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 3-қосымша

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

25.12.2025 ж. №465 «Caspian NEWS» телеарнасында жарияланғандығы жөнінде эфирлік

анықтама

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 4-қосымша.

(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда

«Жалын» мәдениет үйі ғимаратында 1 дана, Исатай ауданы әкімдігінің ғимаратында 1 дана, Аққыстау ауылдық округі әкімінің аппараты ғимаратында және Аққыстау ауылының орталық көшесі болып саналатын Е.Қазақстан көшесіне 1 дана ілінді.

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 5-қосымша

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: Исатай ауданы әкімінің орынбасары – Утегенов Нұрберген Мұратұлы

Хатшыны таңдау туралы:

Қоғамдық тыңдаудың хатшысы болып «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалының өкілі - Г.Х.Исмаганбетова тағайындалды.

Қоғамдық тыңдауға қатысушылар саны – 54 адам, «Қарсы емес» - 54 адам, «Қарсы» - 0 адам, «қалыс қалғандар» - 0 адам дауыс берді

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

Регламентті бекіту туралы

Жоба материалдарын баяндама нысанында қарау. Баяндамашыға – 10 минут. Ұсыныс-пікір білдірушілерге, сұрақ қоюшыларға 5-7 минут.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылар саны -54 адам, «Қарсы емес» - 54 адам, «Қарсы» - 0 адам, «қалыс қалғандар» - 0 адам дауыс берді.

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 6-қосымша

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалының өкілі – Асланқызы Г.
(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

«2026 жылға арналған «Жайықмұнайгаз» МГӨБ нысанын игеру кезінде (түзету) және ұнғымалардың құрылысы кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасақталған өтінім құжаттамалары» бойынша баяндама мен презентациялар ұсынды. Презентация слайдтарының саны 5 бет.

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 7-қосымша

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге «қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ» деген белгімен енгізіледі.



Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

Р/с №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	<p>Н.М.Утегенов – Исатай ауданы әкімінің орынбасары:</p> <p>Ұңғымалардың құрылысы кезінде қоршаған ортаға қандай мөлшерде зияны болады және көгалдандыру бойынша қандай ақпарат айта аласыздар?</p>	<p>Исмаганбетова Г.Х. - «КМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалының өкілі:</p> <p>Бұл қоғамдық тыңдауда бұрғылау бойынша 4 техниклық жоба қарастырылып отыр. Гран кен орнында 90, 91, ЮВН кен орнында 52, 59-шы ұңғымалар. Олардың қоршаған ортаға әсері арнайы бекітілген әдістеме арқылы жүзеге асырылады. Ауаға таралатын шығарындыларды есептеген уақытта, кестеде көрсеңіз, шығарындылар ұңғыманы бұрғылау ұзақтығына байланысты өзгеріп отырады. Мысалы, 90-шы ұңғыманы қазған уақытта – 24,095 тонна шығарынды шығарылады деп күтілуде. Бұрғылау қондырғысының өзі өздеріңізге белгілі дизельді электростанциялардан тұрады. Арнайы әдістеме арқылы есептеген уақытта осы электр станциясына жанар-жағармай жіберу арқылы, дизель жағылған уақытта, ауаға шығаратын шығарындылардың барлығы есептелінеді. Бұлардың барлығы арнайы Эра деген бағдарламаға салынып, зиянды заттардың сейілу картасы жасалынады. Шығарындылардың ауадағы сейілу картасы оның қай жерге дейін тарайтынын карта арқылы шығарып көрсетеді. Жалпы зиянды заттар шекті рауалды концентрациядан аспауы керек. Оның мөлшері 1 ПДҚ-ға тең. Құжаттарды жасақтаған кезде сол картаның барлығы күзінетгі органдарға жүктелетін болады. Сол карта арқылы зияды заттардың қоршаған ортаға әсерін болмашы деп санауға болады.</p>	<p>Ұсыныс-пікір ескерілді</p>



		<p>Абитова С.Ж. – «Ембімұнайгаз» АҚ «Қоршаған органы қорғау бөлімінің» бастығы:</p> <p>Көгалдандыру жұмыстары бойынша айтағын болсам, біздің мекемеде жылма жыл көгалдандыру жұмыстары жүріп жатыр, және де бізде облыстық ақиматпен қол қойылған меморандум бар. «Жайықмұнайгаз» басқармасы бойынша көгалдандыруға 20 га жер белгіленген болатын. Соның 2025 жылы 4,5 га көгалдандырылды. 15,5 га жерін көгалдандыру мақсатында қазіргі таңда мердігер мекемемен келісімшарт жасақталып, 2026 жылы барлық жұмыстар жалғасын таба береді. Одан басқа да өзіміздің объектіміздің, жатақханалардың айналасы сияқты жерлерде көгалдандыру жылма жыл жүріп жатыр. Ол өз жұмысшылардың күшімен жүзеге асырылуда.</p>	
2	<p>С.Қ.Есенов - аудандық қоғамдық кеңес төрағасы:</p> <p>Мен осы жерде айтылған ақпараттың көбіне түсінбей отырмын. Бізге бұрын қоғамдық кеңеске осылай қоғамдық тыңдаулар боларда, алдын ала ақпарат жіберетін еді. Ал қазір біздерге тек қана қоғамдық тыңдау болатын уақытымен күні жіберілген. Бұрғылау жобалары туралы айтып отырсыздар, олардың экологияға қандай әсері бар? Ауылға қаншалықты жақын? Ауыл адамдарына қандай пайдасы бар, қандай зияны бар, біздер дым түсініп отырған жоқпыз. Бұрын осының бәрін жіберетін еді. Қоғамдық тыңдау болғасын қатысу</p>	<p>Исомаганбетова Г.Х. – «КМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалының өкілі:</p> <p>Жалпы қоғамдық тыңдау Экологиялық кодекс пен «Қоғамдық тыңдау өткізу қағидалары» негізінде өткізіледі.</p> <p>Алдын ала таныстыру үшін бүкіл құжаттың барлығы интернетте Экопортал сайтына 1 ай бұрын салынады. Құжаттың барлығы Экопорталда тұр, сол жерде танысуға болады. Қоғамдық тыңдау мақсаты – жұртшылықты не жұмыс болайын деп жатыр, сонымен таныстыру.</p> <p>Мысалы, №90 ұнғыманы алатын болсақ, бұл 955 м тереңдікте қазылатын ұнғыма. Бұрғылау мамандары техникалық жобаны жасақтағаннан кейін, экологиялық шығындыларды есептеу үшін барлық ақпаратты бізге береді. Оның ішінде: ұнғыма конструкциясы, ұнғыма қазу ұзақтығы, бұрғылау ерітіндісі, цементтік көпір сияқты бұрғылау кезінде қандай операциялар болады соның бәрі жазылады. Ұнғыма қазу ұзақтығының өзі дайындау, бұрғылау (освоение, бурение), игеру сияқты этаптарға бөлінеді.</p> <p>СМР деген ол – дайындық жұмыстары (бұрғылау қондырғысын апару, орнату сияқты жұмыстар жүргізіледі. Бұл кезде біз машинаның жүргеніне, сварка жасалғанынан шығарындыларды арнайы әдістеме</p>	Ұсыныс пікір ескерілді



керек деп қатысып отырмыз тек. Дұрыстап түсіндіріп, нақтылып кетіңіздер.

арқылы есептеп шығарамыз. Бұрғылау кезінде бұрғылау қондырғысы қолданылады, оның өзі дизельді электростанция ток беру арқылы жүзеге асырылады. Өздеріңізге белгілі, бұрғылау қондырғысының маркасына байланысты оның комплектациясы да өзгеріп отырады. Слайдта көрсеткеніміздей 90-шы ұнғмада ZJ – 30 бұрғылау қондырғысы қолданылады. Оның комплектациясы - ZJ – 40- қа қарағанда қарапайымдылау болады. Неге олар әртүрлі ұзақтықта қарастырылып тұр және шығарындылар неге әртүрлі, себебі олардың комплектациясына қарай біз оны есептеп шығарамыз. Одан бөлек суды пайдалану және ақаба суларды есептейміз. Жұмыс барасында жұмысшылардың тұтыналын суы бар, тұрмыстық жағдайда қолданатын суы бар, одан бөлек бұрғылау ерітіндісін дайындайтын кезде қанша техникалық су керек сол көрсетіледі. Цементтеуде пайдаланылатын техникалық суды көрсетеміз. Одан бөлек қалдықтарды есептейміз. Қалдықтар өздеріңізге белгілі бұрғылау кезінде: бұрғылау ишамдары, бұрғылау ерітіндісінің қалдықтары шығады. Бұлардың барлығы арнайы әдістеме арқылы есептеледі. 129-Ө деген бекітілген әдістеме бар. Одан бөлек жұмысшылар жұмыс жасаған уақытта майланған шүберектер, тұрмыстық қалдықтар барлығы есептелінеді. Соған байланысты қалдықтарды тонна есебінде есептейміз. Қысқаша айтқанда осы. Игеру кезіндегі шығарындыларға келетін болсақ, бүкіл кен орнында қандай құрылғылар тұр (АГЗУ, НГС, ГС, ұнғымалар, мұнай құйылатын резервуарлар), соның барлығы есепке алынатын болады. Қазіргі мақсатымыз жаңа айтып өткендей «Шикі газды қайта өңдеу саласын дамыту бағдарламасы» (ПРПСГ) өзгеруіне байланысты кен орнының өз қажеттілігіне жұмсайтын газ көлемі өзгеріп отыр. Мұнаймен бірге шығатын газ кен орындарында жылыту пештеріне, қазандықтарға жұмсалады. Сол себепті игеру кезіндегі шығарындыларды нормативтеу жобасы өзгеріске ұшырап тұр. Жалпы қысқаша осы.

3	<p>Н.М.Утегенов - Исатай ауданы әкімінің орынбасары:</p> <p>Осы жобаны іске асыру кезінде қосымша жұмысқа адамдар тартылады ма?</p> <p>Тек дайын мамандарды ғана алады ма? Қанша уақытқа дейін жоспарланған жоба?</p>	<p>Абитова С.Ж. - «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы:</p> <p>Бұрғылау жұмыстарына тендер арқылы Мердігер компаниялар анықталады. Бұрғылау жұмыстарын біз өзіміз жасамаймыз медігер компания жасайды. Сондықтан медігер компания жұмысқа ала ма, алмай ма, оны біз білмейміз айта алмаймыз. Бізге жұмысшылармен өзінің бұрғылау қондырғылармен жұмыс жасауға келеді.</p> <p>Уақытына келетін болсақ, мына жерде бұрғылау жұмыстарының қазу ұзақтығы слайдта көрсетілген (Гран кен орнындағы №90 ұңғыма қазу кезіндегі ұзақтық 40 күн, №91 ұңғыма қазу кезінде 40 күн, ЮВН да №52 ұңғыма қазу кезінде 92 күн, №59 ұңғыма қазу кезінде 129 күн).</p> <p>Экологияда мынадай термин бар - тұрақты және уақытша кезең, және олардың шығарындылары да қысқа уақыттық және ұзақ уақыттық деп бөлінеді. Бұл бұрғылау жұмыстары барлығы қысқа уақыттық жұмыстарға жатады, неге десеніз ол жұмыс біткеннен кейін ол шығындылар тоқтайды.</p>	<p>Ұсыныс-пікір ескерілді</p>
4	<p>Н.М.Утегенов - Исатай ауданы әкімінің орынбасары:</p> <p>Ұсыныс ретінде айтып өтейін, хаттамаға енгізілсін, негізі арнайы мамандар болмаса да, сол Мердігер мекемелерге 4 ай мерзімге уақытша болса да, біздерде мансап орталығында тіркеліп тұрған азаматтарды сәйкес келген мамандықтарды жұмысқа алуды қарастыру.</p>	<p>Хаттамаға енеді.</p>	<p>Ұсыныс-пікір ескерілді</p>
5	<p>Қ. Шеруенов - Мен ауылдық қоғамдық кеңестің мүшесі:</p>	<p>Абитова С.Ж. - «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы:</p>	<p>Ұсыныс пікір ескерілді</p>

	<p>Қалдықтар қайда апарылып залалсыздандырылады?</p>	<p>Қалдықтар бойынша айтатын болсақ, бұрғылау шламы мен бұрғылау ертіндісі қалдықтарын утилизациялау жөнінде мердігер мекемемен келісім шарттарымыз бар. Олар қалдықтардың барлығын алып кетіп өз полигондарында залалсыздандырады. Бізде қазір «Вест Дала» мекемесімен келісім шартымыз бар. Олардың қалдықтарды утилизациялауға арнайы лицензиясы бар. Қалдықтар сол мекемеге тапсырылады және әрі қарай өңделеді, залалсыздандырылады. «Вест Дала» ЖШС-ның бірнеше жерде полигондары бар. Ол Атырау бойынша қалдықтармен айналысатын ең үлкен мекеме.</p>	<p>Ұсыныс пікір ескерілді</p>
6	<p>К. Мухтаров - Ақыстау ауылының тұрғыны, зейнеткер ауылдық қоғамдық кеңестің мүшесі:</p> <p>Әрине, қазақ елінің мұнайы - өзінің шекізаты, оның дамуына, өсуіне халықтың қарсылығы жоқ. Осы салада жұмыс жасадық. Дей тұрғанмен, бәрін мазалайтын сол экология мәселесі және де бұрғылау кезіндегі жүретін арнайы көліктердің бір жолмен жүрмеуі. Тасымалдау кезінде бір жолмен жүрмей жолды бүлдіріп кетеді. Бұл жөнінде бұрынғы қоғамдық тыңдауларда да айтқан болатынбыз, тағы да айтып кетіп жатырмын. Осы ұсынысымды қабыл алып, ескеріп, сондай жағдайлар болғанда тиісінше шара қолданып, реттеулеріңізді сұраймын.</p>		<p>Ұсыныс пікір ескерілді</p>

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұстанымдар:

Қоғамдық тыңдау қатысушыларының жоба бойынша ұсыныс-пікірлері қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде келіп түскен ескертулермен ұсыныстардың жиынтық кестесінде көрсетілген.

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдігінің атауы ұйымдар, пікірлер мен ұсыныстар)

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Н.М. Утегенов - Исатай ауданы әкімінің орынбасары

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қолы



2026 жылғы 19 ақпан

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:

Г.Х. Исмаганбетова - «КМГ Инжиниринг» Атырау филиалы бөлім басшысы

Қолы



2026 жылғы 19 ақпан



Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 26270923001, Дата: 18.12.2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: Атырауская область, Исатайский район, Ахатгауский с.о., с.Ахатгау (ул.Мунайшвы, здание 35, Дом культуры «Жалын»)

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территории которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: Заявочный пакет на получение экологического разрешения на воздействие объектов НГ ДУ «Жайықмунайгаз» на 2026г (корректировка) в период эксплуатации и в период строительства скважин

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Атырауская область, Исатайский район, Ахатгауский с.о., с.Ахатгау, ул.Мунайшвы, здание 35, Дом культуры «Жалын», 18.02.2026 11:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (12 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Газеты "Атырау" и "Прикаспийская коммуна"; телеканал "Caspien News"

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

Адрес Исатайского района, здание 35, Дом культуры «Жалын»

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением

итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

Акционерное общество ""Эмбамунайгаз"" (БИН: 120240021112), +7(712)-299-34-04, a.kalibekova@emg.kmg.kz

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 26270923001, Дата: 09.01.2026

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №26270923001, от 18.12.2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Заявочный пакет на получение экологического разрешения на воздействие объектов НГДУ «Жайықмунайгаз» на 2026г (корректировка) в период эксплуатации и в период строительства скважин, в предлагаемую Вами 18.02.2026 11:00, Атырауская область, Исатайский район, Ақжастауский с.о., с. Ақжастау, ул. Мунайшы, здание 35, Дом культуры «Жалын» (дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявлений о проведении общественных слушаний", или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1, 2.»

Акционерное общество "Эмбамунайгаз" (БИН: 120240021112), +7(712)-299-34-04, a.kalibekova@emg.kmg.kz.

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы

2026 жылға арналған "Жайықмұнайгаз" МГӨБ нысанын игеру кезінде (түзету) және ұңғымалардың құрылысы кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасақталған өтінім құжаттамалары» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау 18.02.2026 ж.					
№	Қатысушылардың аты-жөні	Қатысушылар санаты (мүдделі жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, бастамашы)	Байланыс нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференция арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	2	3	4	5	6
1.	Баширғалиев К.	тұрғын	+7701343837	жеке	
2.	Ғаспақов Е.И.	тұрғын	+77014319258	жеке	
3.	Сарғалиев А.Т.	АО, ЭМГ"	+77016160289	жеке	
4.	Аманжолбеков А.Т.	АО "ЭМГ"	+77011242799	жеке	
5.	Бигалиев Р.Н.	АФ "КМГ И"	+7786486464	жеке	
6.	Салықбаева И.	тұрғын	87774366133	жеке	
7.	Шаммамбетов А.	тұрғын	87020274163	жеке	
8.	Зайтұлышев А.	тұрғын	87025217466	жеке	
9.	Атамашева Ж.Ғ.	тұрғын	87014343883	жеке	
10.	Анжарбаев Д.Н.	тұрғын	87021467708	жеке	
11.	Салықбаева К.Б.	тұрғын	87013886485	жеке	
12.	Аманжолбеков К.К.	тұрғын	87779141841	жеке	
13.	Бертаманбетов М.	тұрғын	87013955793	жеке	
14.	Қамалов А.	КО, ЭМГ"	87784052215	жеке	
15.	Жаспақов Б.А.	тұрғын	87775005359	жеке	
16.	Білғали М.Қ.	тұрғын	87022020412	жеке	
17.	Әуеліқалиев А.С.	тұрғын	87025977732	жеке	
18.	Мунғалиев Н.	тұрғын	87773119154	жеке	
19.	Семнов С.Б.	Қоғамдық кеңес	87018249410	жеке	
20.	Мұстафин К.С.	Қоғамдық кеңес	87022007057	жеке	
21.	Сейітаманов А.А.	тұрғын	87057066365	жеке	
22.	Жумабаев Б.Б.	тұрғын	87021011757	жеке	
23.	Жекенов Д.А.	"КМГ"	87781147711	жеке	
24.	Балтаманбетов Е.С.	тұрғын	87750006390	жеке	

С наступающим Новым, 2026 годом!



ПРИКАСПИЙСКАЯ КОММУНА

Основана в марте 1920 года
Общественно-политическая газета Атырауской области

ЧЕТВЕРГ | 25.12.2025 | №52 (20854)



Газета продолжает жить

История читательницы Венеры Потёмкиной – это история нескольких поколений, для которых наша газета стала частью повседневной жизни.



Это твоя биографии строки

Тори сверстаный, уроч,
достигший.
Тори ошавсе и пораженный.
Тори великие победы
и поражения.
Тори победы и горы убрал.

...

Все, что народ испытал
и убрал,
Все, что назвали великими
событиями,
Все уместила лирика
строчка.
Стало историей все на
вска.

...

В календаре юбилей справляешь
лирика,
Вспомни события, дата
рождения.
Лица, фамилии, жести
улыбки.
Это твоя биографии
строчка.

...

Пройдет время – дата
большая!
Делать праздник надо
маленьким.
В заветный день своего
дню.
Самое главное все –
вперед!

...

Тыли и слезы, и радости
в пути.
Все ты сделала открыто.
Чтобы читатель правду
нески
И сохранила свою честь!

Резина ВАШШЕВА

АО «Эмбаунагаз» сообщает, что 18.02.2026 г. в 11:00 ч. по адресу: Атырауская область, Исатайский район, Аккистауский с.о., с.Аккистау, ул. Мунайшы, здание 35, Дом культуры «Жалын», проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по Заявочному пакету на получение экологического разрешения на воздействие объектов НГДУ «Жайыкмунайгаз» на 2026 г. (корректировка) в период эксплуатации и в период строительства скважин.

Подключение в режиме онлайн на платформе ZOOM возможно по ссылке:

<https://kmg-kz.zoom.us/j/7555913367?pwd=UGJLeEJ3bVdZnzk5Nmt2YmZZN2Fmdz09>

Идентификатор конференции: 755 591 3367 Код доступа: 593597

Инициатор – АО «Эмбаунагаз», 060002, г.Атырау, ул. Валиханова, д.1., БИН: 120240021112

Разработчик проекта – АФ ТОО «КМГ Инжиниринг», 060097, г. Атырау, мкр. Нурсая, пр. Елорда, 10., БИН: 180541015056.

Документация по заявочному пакету размещена на сайте НДБ www.ndbecology.gov.kz/.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Атырауской области», почтовый адрес: 060010, г. Атырау, ул. Айтеке би, 77, тел.: 8 (7122) 325509, электронный адрес: ekspertizyupr@mail.ru, <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>, www.ndbecology.gov.kz/.

Дополнительную информацию по проектам можно получить по адресу: s.kassymgaliyeva@kmg.kz, тел.: 87122 956475.

Географические координаты НГДУ «Жайыкмунайгаз»: Северная широта 47.18'45" Восточная долгота 51.4'55"

«Caspian NEWS» ЖШС
Атырау қаласы,
Әуезов 23Д даңғылы
тел: 8 7122 51 40 84



ТОО «Caspian NEWS»
г. Атырау,
проспект Әуезова 23Д
тел: 8 7122 51 40 84

№ 465 « 25 » 12 2025 ж

Эфирная справка

Настоящей справкой подтверждается, что 25 декабря 2025 г. в эфире телеканала «Caspian NEWS» была размещена бегущая строка на тему:

«Ембімұнайгаз АҚ-ы 18.02.2026 ж. сағат 11:00-да «2026 жылға пайдаланылу және ұңғымалар құрылысы кезеңінде «Жайықмұнайгаз» МГӨБ нысандарының қоршаған ортаға әсеріне экологиялық рұқсат алу (түзету) үшін жасакталған өтінім құжаттамасы» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау Атырау облысы, Исатай ауданы, Акқыстау селосы, Мұнайшы көшесі, 35 ғимарат, «Жалын» мәдениет үйінде өткізілетінін хабарлайды.

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу сілтемесі:

<https://kmg-kz.zoom.us/j/7555913367?pwd=UGJLeEJ3bVdZNzk5Nmt2YmZZN2Fmdz09>

Конференцияның Идентификаторы: 755 591 3367, Қолжетімділік коды: 593597

Құжаттамалар www.ndbecology.gov.kz/ ҮДБ сайтында орналастырылған.

Құжаттар бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады:
s.kassymgaliyeva@kmg.kz, тел.: 87122 956475.

Қаралатын ауданның географиялық орналасу координаттары: Солтүстік Ендік 47.18'45" Шығыс Бойлық 51.4'55".

АО «Эмбаунайгаз» сообщает, что 18.02.2026г. в 11:00 ч. по адресу: Атырауская область, Исатайский район, Аккыстауский с.о., с.Аккыстау, ул.Мунайшы, здание 35, Дом культуры «Жалын» проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по Заявочному пакету на получение экологического разрешения на воздействие объектов НГДУ «Жайықмунайгаз» на 2026г (корректировка) в период эксплуатации и в период строительства скважин.

Подключение в режиме онлайн на платформе ZOOM возможно по ссылке:

<https://kmg-kz.zoom.us/j/7555913367?pwd=UGJLeEJ3bVdZNzk5Nmt2YmZZN2Fmdz09>

Документация по заявочному пакету размещена на сайте НДБ www.ndbecology.gov.kz/.

Дополнительную информацию по проектам можно получить по адресу:
s.kassymgaliyeva@kmg.kz, тел.: 87122 956475.

Географические координаты НГДУ Жайықмунайгаз: Северная широта 47.18'45" Восточная долгота 51.4'55".

Директор



Кертаев К.М.

Ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу регламенті

Тақырыбы:		2026 жылға арналған "Жайықмұнайгаз" МГӨБ нысанын игеру кезінде (түзету) және ұңғымалардың құрылысы кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасақталған өтінім құжаттамалары»	Күні	18.02.2026ж
Өтетін орны		Атырау облысы, Исатай ауданы, Аққыстау ауылы, Мұнайшы көшесі 23, «Жалын мәдениет үйінде»	Басталуы:	11:00
			Аяқталуы:	12:30
№	Уақыты	Бағдарлама жоспары	Жауапты тұлғалар	
	10:30-11:00	Қатысушылар тізімі		
1.	11:00-11:10	Қоғамдық тыңдау ашу сөзі	Қоғамдық тыңдаудың төрағасы	
2.	11:10-11:15	Қоғамдық тыңдаудың бағдарламасын бекіту және хатшысын сайлау	Қоғамдық тыңдаудың төрағасы	
3.	11:15-11:35	2026 жылға арналған "Жайықмұнайгаз" МГӨБ нысанын игеру кезінде (түзету) және ұңғымалардың құрылысы кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасақталған өтінім құжаттамалары» бойынша баяндама	КМГ «Инжиниринг» ЖШС өкілі – Асланқызы Гүлдана	
4.	11:35-12:20	Сұрақ – жауап	Барлық қатысушылар	
5.	12:20-12:30	Талқылау қорытындысы/ Қоғамдық тыңдауды жабу	Қоғамдық тыңдаудың төрағасы	

«Ембімұнайгаз» АҚ
«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалы



2026 жылға арналған "Жайықмұнайгаз" МГӨБ нысанының игеру кезінде (түзету) және ұңғымалардың құрылысы кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасакталған өтінім құжаттамалары бойынша

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Атырау облысы, 2026ж.



Қоғамдық тыңдау бағдарламасы

Тақырыбы:	2026 жылға арналған "Жайықмұнайгаз" МГӨБ нысанын игеру кезінде (түзету) және ұңғымалардың құрылысы кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасакталған өтінім құжаттамалары»	Күні	18.02.2026ж
Өтетін орны	Атырау облысы, Исатай ауданы, Ақжыстау ауылы, Мұнайшы көшесі 23, «Жалын мәдениет үйінде»	Басталуы:	11:00
		Аяқталуы:	12:30
№	Уақыты	Бағдарлама жоспары	Жауапты тұлғалар
	10:30-11:00	Қатысушылар тізімі	
1.	11:00-11:10	Қоғамдық тыңдау ашу сөзі	Қоғамдық тыңдаудың төрағасы
2.	11:10-11:15	Қоғамдық тыңдаудың бағдарламасын бекіту және хатшысын сайлау	Қоғамдық тыңдаудың төрағасы
3.	11:15-11:35	2026 жылға арналған "Жайықмұнайгаз" МГӨБ нысанын игеру кезінде (түзету) және ұңғымалардың құрылысы кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасакталған өтінім құжаттамалары» бойынша баяндама	КМГ «Инжиниринг» ЖШС өкілі – Асланқызы Гүлдана
4.	11:35-12:20	Сұрақ – жауап	Барлық қатысушылар
5.	12:20-12:30	Талқылау қорытындысы/ Қоғамдық тыңдауды жабу	Қоғамдық тыңдаудың төрағасы

2



Мақсаты, мазмұны

Қоғамдық тыңдауды өткізудің мақсаты – «Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарындағы объектілерін игеру және құрылыс жұмыстары кезінде әсер ету кезінде экологиялық рұқсат алу жөніндегі өтінімді қарау аясында 2026 жылға жоспарланған қызмет туралы жұртшылықты хабардар ету және қоғамдық пікірді ескеру.

Жұмыстың мақсаты – «Ембімұнайгаз» АҚ «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның 2026 жылға игеруге түзету және ұңғымалардың құрылысы үшін экологиялық рұқсат алу.

1. Игеру кезінде экологиялық рұқсат алу үшін тапсырылған құжат тізімі:

- Рұқсат етілетін шығарындылар нормативтеу жобасы (түзету);
- Рұқсат етілетін төгінділер нормативтеу жобасы;
- Қалдықтарды басқару бағдарламасы;
- Қоршаған ортаны қорғау шараларының жоспары;
- Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы.

2. Құрылыс кезінде экологиялық рұқсат алу үшін тапсырылған құжат тізімі:

- Рұқсат етілетін шығарынды норматив эмиссиясы («Қоршаған ортаны қорғау» бөлімдері);
- Қоршаған ортаны қорғау шараларының жоспары.

Жобалар саны – барлығы 4, олар:

1. Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орнында №52 пайдалану ұңғымасы құрылысына арналған жеке техникалық жоба
2. Шығыс Новобогат кен орнында №59 пайдалану ұңғымасын құрылысына арналған жеке техникалық жоба
3. Гран кен орнындағы ұңғы сағасы көлденең бағытталған №90 пайдалану ұңғымасы құрылысына арналған жеке техникалық жоба
4. Гран кен орнындағы ұңғы сағасы көлденең бағытталған №91 пайдалану ұңғымасы құрылысына арналған жеке техникалық жоба



3

Жоба мақсаты – ҚР экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес «Ембімұнайгаз» АҚ «Жайықмұнайгаз» МГӨБ сарқын сулармен ағызылатын заттардың рұқсат етілген төгінділерінің нормативтерін белгілеу болып табылады.

Жоба құрамы: тұрмыстық сарқын сулардың түзілу және тазарту процестері; су тазарту құрылғысының тиімділігі, суды тұтыну және су тарту есептері; С.Балғымбаев вахталық лагерде орналасқан су тазартқыш қондырғысы туралы мәлімет (жалпы сипаттама, су тазарту процесі, тазарту көрсеткіштері, тазартылатын су көлемі т.б.), су төгінділерінің тізімі және сипаттамалары



2026 жылға арналған сарқын сулармен шығарылатын заттардың рұқсат етілетін төгінділер нормативтері

Жыл	тонна/жылына
2026	19,58

Әсер ету ықпалын азайту шаралары: су тазарту нысандарының сенімділігін қамтамасыз ету, нысандарда суды тұрақты басқаруды қамтамасыз ету, орнатылған ұтымды су үнемдеу құрылғыларын бақылауды қалыпты түрде жүргізу.

Жоба мақсаты – 2026 жылғы қалдықтардың жиналуы мен утилизациялау мөлшерін белгілеу.

Жоба құрамы: қалдықтардың пайда болу көздері, қалдықтарды басқарудың ағымдағы жүйесі, қалдықтардың жиналуы лимиттерін негіздеу, бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары.

2026 жылға арналған қалдықтарды жинақтау лимиттері

Қалдықтардың жиналу лимиттері	тонна/жылына
Уақытша алаңдарда	5749,99



Әсер ету ықпалын азайту шаралары :

- Қалдықтардың түзілу көлемін бақылау;
- Уақытша жинақтау орындарында заң талаптарын қатаң бақылау, қалдықтарды уақытылы тапсырып отыру;
- Қалдықтарды пайда болған сәттен бастап толық жойылғанға дейін есепке алу мен бақылауды қамтамасыз ету



Бағдарламаның мақсаты – экологиялық талаптарды сақтау мақсатында өндірістің қоршаған ортаға әсерін кешенді және жүйелі түрде бақылауды аспаптық және есептік әдістерді пайдалана отырып қамтамасыз ету.

«Ембімұнайгаз» АҚ ӨЭБ бағдарламасында көзделгені:

- қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингі (шығарындылар, төгінділер);
- әсер ету мониторингі (атмосфера ауасына, жер үсті және жер асты суларына, топыраққа және радиациялық бақылау);
- өндіріс және тұтыну қалдықтары бақылау;
- «Ембімұнайгаз» АҚ нысандары ішкі аудиті.



«Ембімұнайгаз» АҚ нысандары бойынша ӨЭБ бағдарламасында анықталатыны:

- ластаушы заттар эмиссияларының сандық және сапалық көрсеткіштерінің міндетті тізбесі;
- өндірістік бақылаудың мерзімі мен ұзақтығы, өлшеу жиілігі;
- ӨЭБ-да қолданылатын аспаптық және есептеу әдістері туралы ақпарат;
- сынама алу нүктелерінің саны және т.б.;

Мониторинг нәтижесінде алынған мәліметтер мекеменің өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының орындалуы бойынша тоқсандық есептеріне енгізіледі және уәкілетті органға жіберіледі.

Жоспардың мақсаты – орнықты табиғат пайдалану аясында қоршаған ортаға теріс әсерді азайту және экологиялық сапа нормативтерін сақтауды қамтамасыз ету.

ҚР заңнамасының талаптарын қатаң сақтау

Өндіру технологиясын қатаң бақылау

Қоршаған ортаны тұрақты бақылау



Ластанған жерді қалпына келтіру



Қалдықтарды есепке алу және бақылау



Қоғалдандыру




1. Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орнында №52 пайдалану ұңғымасы құрылысына арналған жеке техникалық жоба
2. Шығыс Новобогат кен орнында №59 пайдалану ұңғымасын құрылысына арналған жеке техникалық жоба
3. Гран кен орнындағы ұңғы сағасы көлденең бағытталған №90 пайдалану ұңғымасы құрылысына арналған жеке техникалық жоба
4. Гран кен орнындағы ұңғы сағасы көлденең бағытталған №91 пайдалану ұңғымасы құрылысына арналған жеке техникалық жоба



Кен орны атауы	Гран		ЮВН	
	№90	№91	№52	№59
Ұңғымалар нөмірі	955 м	855м	2200м	2450м
Жобалық тереңдігі	955 м	855м	2200м	2450м
Сынау объектілерінің саны	1	1	1	1
Бұрғылау қондырғысы	ZJ-30/100т (SVR)	ZJ-30/100т (SVR)	ZJ-30/170т (ZJ-40)	ZJ-30/170т (ZJ-40)
Ұңғыма құрылымы				
Бағыттаушы	-	-	50м	50м
Кондуктор Ø244,5мм	42,43м	42,43м	250м	250м
Аралық баған	-	-	1800м	1286,89м
Өндірістік қаптама Ø177,8мм	356,6м	385,0м	-	-
Пайдалану Ø114,3мм	955м	855м	2200м	2450м

Жобалық құрылым




Бұрғылау және бекіту ұзақтығы	Бұрғылау және бекіту ұзақтығы			
	№90	№91	№52	№59
Ұңғымалар нөмірі	№90	№91	№52	№59
Алаңды дайындау, мобилизация	5,0	5,0	12,0	12,0
Құрылыс-монтаждау жұмыстары	5,0	5,0	5,0	5,0
Бұрғылау жұмыстарына дайындау	2,0	2,0	2,0	2,0
Бұрғылау және бекіту	22,5	22,18	49,0	77,2
Бұрғылау қондырғысын бөлшектеу	-	-	4,0	3,0
Сынақ үшін көтегішті орнату уақыты	-	-	2,0	2,0
Сынау жұмысы	5,9	5,9	18,6	28,2
Барлығы	40,4	40,08	92,6	129,4

Жоспарланған ұңғымалар Гран мен ЮВН кен орнындарын игеру жобасы негізінде қарастырылды.

Ауаға таралатын шығарындылардың жоспарланған көлемі

Р/с	Ұнғыма атауы	Тереңдігі, м	Қазу ұзақтығы, күн (1 ұнғыма)	Бұрғылау қондырғысы	Шығарындылар, т/кезең 1 ұнғыма
1	Гран №90	955	40,4	ZJ-30	26,9500
2	Гран №91	855	40,08	ZJ-30	26,6687
3	ЮВН №52	2200	92,6	ZJ-30	59,6853
4	ЮВН №59	2450	129,4	ZJ-30	89,1102
Барлығы:					202,4142

Шығарындылар үлесі, %



Суды пайдалану және қалдықтар туралы мәлімет (жоспарлы ұнғыма санына қарай)

Р/с	Ұнғыма атауы	Суды пайдалану м3/кезең	Ақаба сулар, м3/кезең	Бұрғылау ерітіндісі дайындалатын техникалық су, м3	Цементтеуге пайдаланатын техникалық су, м3	Қалдықтар, тонн/кезең
1	Гран №90	303	303	222,5	10,64	197,0179
2	Гран №91	300,6	300,6	203,12	10,84	192,0297
3	ЮВН №52	833,4	833,4	1052,78	120,02	758,5036
4	ЮВН №90	640,0	640,0	974,67	102,87	805,8190
Барлығы:		2077,0	2077,0	2453,7	244,37	1953,37



Қарастыруға ұсынылған құжаттама ҚР заңнамасының талаптарына толықтай сәйкес әзірленді



Кен орындарын игеру және қарастырылып отырған жаңа жобалар ағымдағы шаруашылық қызметін және кәсіпорынның үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған.



Эмиссиялар нормативтері заңнамалық талаптарды ескере отырып есептелген және мекеменің өндірістік жоспарларын іске асыруға жеткілікті деңгейде сұратылып отыр.

Назарларыңызға рахмет!